

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасы Үкіметінің арасындағы Техникалық және қорғаныс-өнеркәсіптік ынтымақтастық туралы Келісімге қол қою өкілеттігін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 27 тамыз N 1057

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне енгізген және Сыртқы істер министрлігімен және басқа да мүдделі министрліктермен келісілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасы Үкіметінің арасындағы Техникалық және қорғаныс-өнеркәсіптік ынтымақтастық туралы Келісімнің жобасы мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Жағының Келісімге қол қоюға келісілетін Түрік Жағына хабарласын.
3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетке Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісе отырып, Түрік Жағымен келіссөз жүргізу тапсырылсын және ұсынылып отырған Келісім жобасына принциптік сипаты жоқ өзгертулер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.
4. Уағдаластыққа қол жеткен кезде Қазақстан Республикасының

Өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеттің төрағасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан аталған келісімге қол қойсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

